



«БЕКІТЕМІН»

«ОҚМА» АҚ ректоры

М. Рысбеков

3 2024 ж.

«ОҚМА» АҚ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 485-2024

мерзімі	көшірме	басылым
		бірінші

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 2-беті	

1. ОҚМА» АҚ оқу - әдістемелік орталығы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА**  
**ЕНГІЗДІ.** Хаттама № 9 27.02 2024 ж.

2.«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.**  
Хаттама № 4 11.03 2024 ж.

Тексеру кезеңділігі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 3-беті	

## МАЗМҰНЫ

1.	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2.	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
3.	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	6
4.	ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	7
5.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ.....	7
6.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ.....	9
7.	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ .....	10
8.	КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	11
9.	МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ МҮГЕДЕК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ.....	11
10.	ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ МЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	14
11.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	15
12.	ҚОСЫМША.....	16

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 4-беті

## 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

1.1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі. ҚР 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ кодексі.

1.2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007ж. №319-III.

1.3 «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы №314-V ҚРЗ Заңы.

1.4 ҚР БҒМ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

1.5 ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

1.6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

1.7 «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы.

1.8 Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

1.9 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. ҚР БҒМ 2015 жылғы 01 маусымдағы №348 бұйрығымен бекітілген.

1.10 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы.

ISO 9000:2015

Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ISO 9001-2016.

Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

СТ 002-2024

Ішкі нормативті құжаттарды басқару

СТ 004-2024

Қызметтік құжаттарды басқару

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 5-беті

СТ 007-2024	Жазбаларды басқару
СТ 009-2024	Жақсартуды жоспарлау
СТ 010-2024	Басшылық тарапынан талдау
СТ 020-2024	Ішкі аудит
СТ 007-2024	Сәйкессіздіктерді басқару, түзету әрекеттері
СТ 044/023-2023	Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

## 2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

<b>Инклюзивті білім беру</b>	- қарапайым білім алушылар үшін ғана емес, сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, бірлескен білім беру ортасында білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін процесс.
<b>Жеке оқу жоспары</b>	- нақты білім алушының ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оның мазмұнын даралау негізінде білім беру бағдарламасын игеруді қамтамасыз ететін оқу жоспары.
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар</b>	- арнайы қажеттіліктерге тұрақты немесе уақытша қажеттіліктері бар тұлғаларға тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу шарттары.
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</b>	- білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау.
<b>Білім алудың арнайы шарттары</b>	- оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістерін, арнайы оқулықтарды, оқу құралдары мен дидактикалық материалдарды, ұжымдық және жеке пайдалануға арналған арнайы техникалық оқыту құралдарын пайдалану, білім алушыларға қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің (көмекшінің) қызметтерін ұсыну, топтық, жеке сабақтар өткізу, «ОҚМА» АҚ ғимараттарына кіруді қамтамасыз ету және онсыз игеру мүмкін емес немесе қиын басқа да жағдайлар мүгедектігі бар білім алушылардың білім беру бағдарламасы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 6-беті

<b>Бейімделген білім беру бағдарламасы</b>	- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқытуға бейімделген және қажет болған жағдайда аталған тұлғалардың даму бұзылыстарын түзетуді және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасы.
<b>Мүмкіндігі шектеулі білім алушы (бұдан әрі-МШБ)</b>	- арнайы (психологиялық-медициналық-педагогикалық) комиссия растаған және арнайы жағдайлар жасамай білім алуға кедергі келтіретін физикалық және (немесе) психологиялық дамуында кемшіліктері бар жеке тұлға.
<b>Психологиялық-педагогикалық қолдау</b>	- білім беру ұйымдарында іске асырылатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды олардың табысты оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

### 3 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы құжатта мынадай қысқартулар мен белгілер қолданылады:	
«ОҚМА» АҚ	- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
ӘБП	- әкімшілік-басқару персоналы,
ААЖ	- автоматтандырылған ақпараттық жүйе,
ҚБТ	- қашықтықтан білім беру технологиялары,
ЖОЖ	- жеке оқу жоспары,
ДШМ	- денсаулықтың шектеулі мүмкіндіктері,
ЕБҚ	- ерекше білім беру қажеттіліктері,
ББ	- білім беру бағдарламасы,
ПОҚ	- профессор-оқытушылар құрамы,
ОЖЖ	- оқу жұмыс жоспары,
ОӘЖ	- оқу-әдістемелік жұмыс,
ОӘО	- оқу-әдістемелік орталығы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 7-беті	

## **4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және жоо-да инклюзивті білім беруді ұйымдастыру талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

4.2 Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарға Оқу әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор жетекшілік етеді. Ереженің талаптарын жұмыс жағдайында ұстауға оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі – ОӨО) жауапты болады.

4.3 Ережені дайындау, өткізу және құжаттау процестеріне қатысатын «ОҚМА» АҚ барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті.

4.4 Осы құжат «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа Тараптарға, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) «ОҚМА» АҚ бірінші басшысының рұқсатымен ұсынылады.

4.5 Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктерінің (бұдан әрі-ИБ) әртүрлілігін және жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл білім беру жүйесін трансформациялау үдерістерінің бірі болып табылады, ол барлығына сапалы білім алу үшін қол жетімділік жағдайларын қалыптастыруға және барлық кедергілерді жоюға, олардың әлеуметтік бейімделуіне және мүгедектігі бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар мен осындай шектеулері жоқ білім алушылардың қоғамға және бірлескен білім беру ортасына интеграциялануына бағытталған. Білім берудің барлық деңгейлерінде «кедергісіз» орта құру, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жаратқандыру және ЕБҚ бар тұлғаларды оқытудың қосалқы техникалық құралдарымен қамтамасыз ету.

## **5 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

5.1 «ОҚМА» АҚ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу талапкердің және одан әрі мүгедектігі бар білім алушының жеке басын зерделеуге, дамытуға және түзетуге, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу және қоғамдық инфрақұрылымға интеграциялау үшін кәсіби қалыптасуға бағытталған.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 8-беті	

5.2 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек талапкерлердің кәсіби бағдарлануы олардың саналы және барабар кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуі керек. Кәсіптік бағдарлау кезінде білім алушының денсаулық жағдайына, жеке оналту бағдарламасында көрсетілген ұсынымдарға, өзінің мүдделеріне, бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес қол жетімді бір немесе бірнеше дайындық бағыттарын (бейіндерін) таңдау ерекше маңызға ие.

5.3 «ОҚМА» АҚ кәсіптік бағалау жұмысының негізгі нысандары Ашық есік күндері, білім алушылар мен олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) осы санаты үшін қабылдау және оқыту мәселелері бойынша жеке кеңестер, жарнамалық-ақпараттық материалдар, оның ішінде «ОҚМА» АҚ ресми сайтында орналастырылған материалдар болып табылады.

5.4 «ОҚМА» АҚ - на мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қабылдау, медициналық-әлеуметтік сараптама мекемесінің қорытындысы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ, білім берудің кез келген деңгейіндегі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

5.5 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар келіп түскен кезде медициналық-әлеуметтік комиссияның мүгедектігін белгілеу туралы қорытындыны және/немесе анықтаманы (өз қалауы бойынша түпнұсқасын немесе көшірмесін) тапсырады.

5.6 Оқыту кезеңіндегі арнайы есепке алуды Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы қабылдау комиссиясынан, факультеттерден, Тіркеу офисінен және/немесе мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылардың өздерінен алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

5.7 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыларды арнайы есепке алу «Платонус» ААЖ-да жүргізіледі.

5.8 Инклюзивті оқуға түскен білім алушыларға психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдауды «ОҚМА» АҚ Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы көрсетеді.

5.9 Психологиялық кеңес беру және жәрдемдесу (жоо психологы).

5.10 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыға (қажет болған жағдайда) еріктілер қозғалысынан білім алушыны немесе оқу материалын игеруге көмектесу үшін бірнеше білім алушыны бекіту.

5.11 Инклюзивті білім беруді іске асыруды қамтамасыз ету және мүгедектігі бар білім алушыларды қолдау үшін әр факультетте деканның өкімімен инклюзивті білім беру қызметінің жауапты/үйлестірушісі (бұдан әрі - үйлестіруші) тағайындалады.

5.12 Кешенді көмек көрсету үшін факультеттер деканаттарының, Тіркеу офисінің, интернатура және түлектерді жұмысқа орналастыру деканатының кәсіптік бағдар беру жұмысын, оқытуға және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын қызметкерлері; оқу процесін оқу-әдістемелік қолдау бойынша кеңес ретінде көмек көрсету үшін Оқу-әдістемелік



O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 9-беті	

орталықтың; Қашықтықтан білім беру платформаларында жұмыста техникалық қолдау көрсету үшін қашықтықтан білім беру технологиялары бөлімінің қызметкерлері; кедергісіз ортаны дамыту үшін әкімшілік-шаруашылық департаменті.

## **6 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

6.1 Ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу деп инклюзивті оқыту жағдайында оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың оқуын уақтылы және сапалы өту мақсаты бар «ОҚМА» АҚ, факультеттер мен кафедраларда мүгедектігі бар білім алушыларды оқытуға тәлімгерлік және бақылау жүйесі ретінде қарастырылады.

6.2 Факультеттерде ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылардың қолайлы психологиялық болуы үшін жағдай жасау арқылы анықталады:

- білім алушылардың қолдауға құқығы;
- өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру құқығы;
- білім алушының өз әрекеттері үшін жауапкершілігі;
- тұлғаның қадір-қасиетін құрметтеу құқығы және т. б.

Бұл жағдайлар «ОҚМА» АҚ, мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар барлық білім алушылардың толыққанды және тиімді білім алуына бағытталған.

6.3 Ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтуы мүмкін:

- оқу процесі барысында сабаққа қатысуды бақылау;
- ауырған жағдайда өзіндік жұмысты ұйымдастыруға көмектесу;
- мүгедектігі бар және ұзақ уақыт болмаған білім алушылар үшін жеке кеңестер ұйымдастыру;
- аттестаттауды, сараланған сынақтарды, емтихандарды тапсыруды, дипломдық/магистрлік жұмыстарды қорғауды, академиялық берешектерді жоюды бақылау;
- академиялық демалыстарды құжаттау;
- оқу практикасын ұйымдастыруға көмектесу және олардың өтуін бақылау;
- дипломдық / магистрлік жұмыстарды дайындауға көмек;
- оқу процесінде мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар оқытушы-білім алушының өзара іс-қимылын түзету;
- ПОҚ мен қызметкерлерге мүмкіндігі шектеулі және мүгедек оқушылардың физикалық және жүйке жағдайының ерекшеліктері бойынша кеңес беру, қиындық жағдайларын түзету;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 10-беті	

- ПОҚ және «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің мерзімді нұсқамалар мен семинарлар және т.б.;

-ерікті білім алушыларды тарту;  
 -мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушыларды ББ пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен дербес қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

-оқу-әдістемелік материалдарды аудио, бейне және электрондық тасымалдағыштарға аудару.

## **7 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ**

7.1 «ОҚМА» АҚ әлеуметтік сүйемелдеу мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыларды әлеуметтендіру және қоғамға интеграциялау, сондай-ақ өмір сүру сапасын жақсарту үшін қолдауға бағытталған.

7.2 Мүгедектігі бар білім алушыларды әлеуметтік сүйемелдеуді ұйымдастыру «ОҚМА» АҚ басшылығына, Қаржы-экономикалық басқармаға және Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасына, деканаттар мен кафедраларға жүктеледі және мыналарды қамтиды:

- әлеуметтік оңалту мәселелері бойынша консультациялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;

- жеке мәселелерді шешуге жәрдемдесу;  
 - әлеуметтік-психологиялық оңалту;  
 - профилактикалық-сауықтыруды сүйемелдеу;  
 - «ОҚМА» АҚ жатақханасында орналасу және тұру мәселелері бойынша ДШМ және мүгедектігі бар білім алушылардың құқықтарының сақталуын бақылау;

- олардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету, студенттік топта қолайлы әлеуметтік ахуал құру, тиімді әлеуметтік бейімделу үшін жағдай жасау және оларды «ОҚМА» АҚ өмірінің түрлі салаларына қосу;

- студенттік өзін-өзі басқаруға тарту;  
 - мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыларды жеке, жеке әлеуметтік сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін оларға көмектесу үшін студенттер арасында еріктілер қозғалысын ұйымдастыру.

## **8 КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

8.1 Профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) ДШМ және мүгедектігі бар білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерін және денсаулық жағдайын ескеруге; білім алушылардың көрсетілген санаты

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 11-беті	

бойынша білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды сақтауға; қажет болған жағдайда медицина қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

8.2 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылармен жұмыс істейтін ПОҚ мүгедектігі бар білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері, оқу ақпаратын қабылдау-беру ерекшелігі, мүгедектігі бар білім алушылармен жұмыс істеу үшін әртүрлі нозологияларды ескере отырып, оқытудың арнайы құралдарын қолдану туралы білім алу мақсатында қосымша даярлықтан және/немесе педагогикалық құзыреттілікті арттырудан өтуі тиіс.

8.3 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы педагогикалық тәсілдері мен әдістерін меңгерген ПОҚ-ның педагогикалық құзыреттілігін арттыруды Оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі-ОӘО) және «ОҚМА» АҚ факультеттері қамтамасыз етеді, сондай-ақ осындай қызметкерлерді «ОҚМА» АҚ тартуға жәрдемдеседі.

8.4 Оқу процесін жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысатын әкімшілік-басқару персоналы (бұдан әрі - ӘБП) қатарындағы қызметкерлер мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылармен жеке ерекшеліктері бар білім алушылармен тьюторлар мен эдвайзерлер ретінде жұмыс істеу үшін нұсқаулықтан немесе оқытудан, жоспарлы даярлықтан өтуге тиіс.

8.5 Кадрлық қызмет бөлімі мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылармен жұмыс бойынша біліктілікті арттыру бойынша арнайы курстардан өткен ПОҚ және ӘБП бақылауды, есепке алуды жүргізеді.

8.6 Қажет болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылардың білім беру процесін кешенді сүйемелдеу мақсатында «ОҚМА» АҚ компьютерлік тест және баспа орталығының (бұдан әрі - КТБО) штатынан көмекші және компенсаторлық жабдыққа, оқырманға (зағип жандар үшін) және басқа да қажетті мамандарға қызмет көрсету жөніндегі жауапты қызметкері айқындалады.

## **9 МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ**

9.1 «ОҚМА» АҚ ғимараттары мен бөлмелерінде мүгедектігі бар және мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы қолжетімділігін қамтамасыз ететін арнайы тиісті материалдық-техникалық жағдайлар жасауды; олардың болуын және оқуын ұйымдастыруды; «ОҚМА» АҚ аумағында, оның ішінде «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен қосалқы технологиялардың, сондай-ақ ауыстырылатын кресло-арбалардың көмегімен өз бетінше жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз етеді; «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің өзге де қажетті көмек көрсетуі:

9.1.1 *Барлық оқу тұрғын үй-тұрмыстық ғимараттарына іргелес «ОҚМА» АҚ аумағындағы ғимараттарға қолжетімділік:*

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 12-беті	

- жаяу жүргіншілер жолдарының қатты және тегіс жабынының болуы;
- пандустардың болуы;
- арнайы көрсеткіштердің болуы;
- тактильді плиткалардың, жолдардың болуы;
- мүгедектерге арналған автотұрақтың болуы.

*9.1.2 Оқу корпустарының кіру жолдарына қолжетімділік:*

- ғимаратқа кіре берісте пандустардың болуы;
- көтергіштердің немесе лифттердің болуы;
- кең кіреберіс есіктердің болуы, кіреберіс есіктерде арнайы таңба және

т.б.

*9.1.3 Оқу ғимараттары ішінде орын ауыстырудың қолжетімділігі:*

- мүгедектер арбасын жылжыту үшін жеткілікті ені;
- сырғанауға қарсы жабыны бар өрескел баспалдақ беті;
- баспалдақтарда тұтқалардың болуы.

*9.1.4 Оқу аудиторияларында, кітапханада, оқу залдарында*

*қолжетімділік:*

- арнайы жабдықталған орындардың болуы;
- арнайы жабдықтың болуы.

*9.1.5 Жатақханалардағы қолжетімділік:*

- арнайы жабдықталған орындар мен бөлмелердің болуы.

*9.1.6 Корпустарда арнайы жабдықталған санитариялық гигиеналық бөлмелер:*

- дәретханаларда арнайы жабдықталған кабиналардың болуы.

*9.1.7 Барлық оқу корпустарында мүгедектігі бар және мүгедек білім алушыларға арналған құлақтандыру және сигнал беру жүйесі:*

- мүгедектердің барлық санаттарының болуына арналған дыбыс, діріл және жарық құралдары мен қауіп туралы дабыл жүйесінің болуы.

*9.1.8 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушылар үшін ақпараттың ашықтығы:*

- бейімделген сайттың болуы;
- көрнекі ақпараттың болуы;

**9.2. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету: оқу аудиториясын жарақтандыру.**

*9.2.1 Есту қабілеті бұзылған білім алушылар үшін:*

- дыбысты күшейтетін құралдардың, мультимедиялық және оқу ақпаратын қабылдау-берудің басқа да техникалық құралдарының, сондай-ақ бейнематериалдардың болуы.

*9.2.2. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін.*

- Брайль шрифтін, сөйлеу синтезаторы бағдарламаларын және оқу ақпаратын қабылдау-берудің басқа да техникалық құралдарын пайдаланатын компьютерлік құралдардың болуы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 13-беті	

*9.2.3. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар үшін.*

- арнайы бағдарламалық қамтамасыз етумен бейімделген компьютерлік техниканың болуы.

9.3 Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

9.3.1 «ОҚМА» АҚ -да мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды оқыту басқа білім алушылармен бірлесіп, қажет болған жағдайда арнайы жабдықталған оқу аудиториясында жеке топтарда ұйымдастырылады. Оқу топтарын жинақтау кезінде бір топта мүгедектігі бар білім алушылар денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушылармен бірлесіп біріктіріледі.

9.3.2 Қажет болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушының немесе олардың ата-аналарының/занды өкілдерінің жазбаша өтініші бойынша білім беру процесін ұйымдастыру кезінде арнайы шарттар ұсынылуы мүмкін: ББ негізгі бағдарламасы, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету шеңберінде жеке оқу жоспарларын (бұдан әрі ЖОЖ), оқытудың жеке кестелерін жасау (А қосымшасы).

9.3.3 Әрбір жеке жағдайда оқыту әдістерін таңдау «ОҚМА» АҚ ПОҚ-ның білім деңгейіне, білігіне, дағдыларына және кәсіби даярлығына, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, білім алушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне, даярлауға уақыттың болуына және т.б. негізге ала отырып жүзеге асырылады. Білім беру процесінде оқытудың әлеуметтік-белсенді және рефлексивті әдістерін, әлеуметтік-мәдени оңалту технологияларын басқа білім алушылармен толыққанды тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға, студенттік топта қолайлы климат құруға көмектесу мақсатында пайдалану ұсынылады.

9.3.4 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылар, басқа білім алушылардан айырмашылығы, материалды қабылдаудың, өндеудің өзіндік ерекшеліктеріне ие. Оқу материалдарын іріктеу және әзірлеу осы материалды әртүрлі нысандарда, атап айтқанда есту қабілеті бұзылған білім алушылар ақпаратты көзбен, көру қабілеті бұзылған - аудио түрде алуы үшін қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізілуі тиіс.

9.3.5 Білім алушылардың үлгерімін бақылау және қорытынды аттестаттау рәсімдерін жүзеге асыру үшін олардың ОН-не қол жеткізуін және ББ-да көзделген барлық құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін бейімделген бағалау құралдары құрылады.

9.3.6 Мүгедектігі бар білім алушылар үшін ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны жеке психофизикалық ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып белгіленеді. Қажет болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі білім алушыға аралық және қорытынды аттестаттауға жауап дайындау үшін қосымша уақыт беріледі, ол бақылау басталар алдында жеке-жеке ескертіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 14-беті	

9.3.7 Мүгедек білім алушылар мен мүгедектер үшін "Дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібі белгіленеді: Денсаулық сақтау және бейімделгіш дене шынықтыру қағидаттарын сақтау негізінде оларды арнайы топқа қосады және денсаулықты дамытуға, нығайтуға және қолдауға бағытталған жеке сабақтар кешендерін әзірлейді.

9.3.8 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушылар үшін оқу және өндірістік практиканы ұйымдастыру ерекшеліктері: осы санат үшін қолжетімділікті ескере отырып, практикадан өту орнын таңдау; практика базасын ұйымдастырумен келісу еңбек жағдайлары мен түрлері; ОН-не қол жеткізу үшін практикадан өту кезінде қолайлы климат құру және практика бағдарламасында көзделген барлық құзыреттердің қалыптасу деңгейі.

9.3.9 «ОҚМА» АҚ мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу: жұмыс іздеу бойынша жеке консультациялар беру; еңбек нарығындағы жай-күйі туралы хабардар ету; әлеуетті жұмыс берушілермен кездесулер; жұмыс орындарында бөлу және бекіту мониторингі.

9.3.10 «ОҚМА» АҚ Академиялық саясаты негізінде мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушыларға академиялық демалыс беру.

9.3.11 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған мүгедектігі бар білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі беріледі немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігі беріледі және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

## **10 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ МЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

10.1 Білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру қызметі шеңберінде субъектілердің қашықтықтан өзара іс-қимылын сапалы деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану үлкен маңызға ие. Қажет болған жағдайда мүгедектігі бар және мүгедек білім алушыларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін «ОҚМА» АҚ арнайы жағдайлар жасалуы тиіс.

10.2 Мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім алушыларға арналған порталдың, қашықтықтан оқыту сайтының веб-қолжетімділігі талаптарының сәйкестігі (жоғары сапалы бейне және аудио-материалдар және т.б.)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 15-беті	

10.3 Вебинарлар түріндегі онлайн-сабақтарды техникалық ұйымдастыру: виртуалды дәрістер, семинарлар, баяндамалар, презентациялар өткізу, орындалған жұмыстарды қорғау.

10.4 ДМШ бар білім алушылар денсаулығының шектеулеріне бейімделген нысандарда баспа және электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

10.5 Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы оқу материалдарын жасау кезінде қол жетімділіктің негізгі принциптеріне сәйкестігін қамтамасыз етуі керек (мазмұнның түсінігі мен болжамдылығы, суреттер үшін балама мәтінді көрсету, жеңілдетілген сөйлеу, материалдың қысқаша мазмұны және т.б.).

10.6 Мүгедектігі бар білім алушылар үшін қашықтықтан оқытудың білім беру контентін әзірлеу кезінде (дәріс материалдары, практикалық, семинарлық тапсырмалар) ПОҚ мүгедектігі бар білім алушылардың нозологиялық ерекшеліктеріне бейімделген оқытылатын пәндер бойынша электрондық ресурстардың болуын қамтамасыз етуі тиіс.


10.7 «ОҚМА» АҚ кітапхана-ақпараттық орталығы мүгедектігі бар білім алушылардың ақпаратын қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, кітап қорын толықтыру үшін сұраныстарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді (мысалы, аудио оқулықтар, Брайль тіліндегі оқулықтар), мүгедектігі бар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, баспа материалдарын цифрландыруды жүзеге асырады.

## **11 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**


11.1 Мүмкіндігі шектеушілі және мүгедектігі бар білім алушылармен жұмысты ұйымдастыруды деканат/Басқарма үйлестіреді.

11.2 «ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беру үшін оңтайлы жағдайлар жасау оқытудың барлық кезеңдерінде: оқуға түсу, оқыту және жұмысқа орналасу мүгедектігі бар білім алушылардың мониторингі жүйесімен сүйемелденеді.



11.3 Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес енгізіледі, қызметтің нақты бағыттарына жауап беретін «ОҚМА» АҚ басшылығымен келісіледі және «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы «ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	Е 485-2024 1-ші басылым 18 беттің 16-беті



**Әзірлеген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева	24.02.2024ж	

**Тексерген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Г.Л.Елеусизова	05.03.2024ж	
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов	05.03.2024ж	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев	05.03.2024ж	

**Келісілген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	М.М. Есиркепов	06.03.2024ж	
Оқу әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	М.У.Анартаева	06.03.2024ж	



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 17-беті	

**Мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажет болған жағдайда арнайы жағдайлар**

Денсаулық мүмкіндігін шектеу санаты	Қажетті шарттар
Көру қабілеті бұзылған (нашар көретіндер)	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көру қабілеті бұзылған тұлғаларға арналған «ОҚМА» АҚ ресми сайты бейімдеу.</li> <li>2. Оқу сабақтарының кестесі туралы анықтамалық ақпаратты, баспа материалдарын (ірі қаріп немесе аудио файлдар) қолжетімді жерлерде және бейімделген нысанда орналастыру.</li> <li>3. Арнайы оқу аудиториясын жабдықтау.</li> <li>4. Тифлотехникалық құралдарды пайдалану;</li> <li>5. «ОҚМА» АҚ кіру және одан шығу кезінде көру қабілеті бұзылған білім алушыға қол жеткізуді қамтамасыз ету және жәрдемдесу;</li> <li>6. Оқу үшін бейне үлкейткіштерді пайдалану компьютерлік және ақпараттық технологияларға қол жетімділік-экранға қол жеткізу бағдарламалары, экранды үлкейту, мәтіндік редакторлар, сканерлеу және оқу бағдарламалық жасақтамасы (экранды үлкейту функциясы, экранды үлкейту және экран мазмұнын оқу; жоғары ажыратымдылықты экранды үлкейту бағдарламасы (HD)).</li> </ol>
Есту қабілеті бұзылған	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрнекі оқу сабақтарының кестесі туралы дыбыстық анықтамалық ақпараттың қайталануы (субтитрлерді трансляциялау мүмкіндігі бар мониторларды орнату (мониторлар, олардың өлшемдері мен саны бөлмелердің өлшемдерін ескере отырып анықталуы қажет)).</li> <li>2. Есту қабілеті бұзылған білім алушыларға қажет болған жағдайда сурдоаудармашы академиясына жіберуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, жестау тілін пайдалана отырып қызмет көрсету.</li> <li>3. Ақпаратты, оның ішінде бейнематериалдар мен аудиотехниканы тиісті дыбыстық құралдармен ойнатуды қамтамасыз ету.</li> </ol>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталығы	Е 485-2024	
«ОҚМА» АҚ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже	1-ші басылым 18 беттің 18-беті	

	4. Бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайлардың бірінде индукциялық ілмектер мен дыбыс күшейтетін аппаратураның болуы.
Сөйлеудің бұзылуымен	Аттестаттау сынақтарын жазбаша нысанда тапсыру құқығы.
Қозғалтқыш функцияларының шектеулерімен	<p>1. Білім алушылардың оқу бөлмелеріне, асханаларға, дәретханаларға және оқу орнының басқа да бөлмелеріне кедергісіз кіруін, сондай-ақ көрсетілген бөлмелерде жағдайлардың болуын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық жағдайлар (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген есік ойықтарының, лифттердің болуы, тірек-кедергілердің жергілікті төмендеуі; арнайы креслолар мен басқа да құрылғылардың болуы).</p> <p>2. Автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың болуы.</p> <p>3. Бейімделген жұмыс орнын қалыптастыру (тірек - қимыл аппараты бұзылған білім алушыға бейімделген жиһаз).</p>